Жомартов Айдос Корабаевичтің
«8D01801 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациясына

АННОТАЦИЯ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Бұл диссертациялық зерттеу жоғары білім беру ортасында студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытуға бағытталған тәсілдердің әлеуметтік-педагогикалық талдауына арналған. Жастар мен студенттер ортасында бұл тенденцияның таралуы әлеуметтік жағынан әлі толыспаған адамға жағымсыз әлеуметтік және психологиялық факторлардың кешенді әсер етуіне байланысты. Бұл факторлар тұлғаның әлеуметтік дамуының жас ерекшеліктерімен күшейе түседі: топтардың ықпалымен қарым-қатынасқа ұмтылу; тәуекелді мінез-құлыққа әкелетін өзін-өзі көрсетуге бейімділік; дербестікке және отбасынан (мектептен, университеттен) бөлінуге тырысу; ересектерше тәуелділікті жеңуге ұмтылу; манипуляциялық әсерге берілгіштік және теріс ақпаратты сынсыз қабылдау; тұлғаның рухани-адамгершілік санасының, құндылықтарының, идеалдарының, көзқарастарының, дүниетанымының және азаматтық ұстанымдарының қалыптасуындағы дағдарыспен қатар жүретін әлеуметтік белсенділігінің артуы.

Осы **диссертациялық зерттеудің өзектілігі** қазіргі заманғы сын-қатерлер тек террористік құбылыстарды талдауды ғана емес, сонымен бірге қоғамда және жеке тұлғалар арасында оларға деген көзқарастың қалыптасуын, қатерлерді қабылдауға әсер ететін факторларды және оларға төзімділікті ерте жастан қалыптастыру жолдарын түсінуді талап етеді.

Қазақстанның ғылыми және практикалық тәжірибесі терроризмнің алдын алудың қазіргі заманғы жүйесі - бұл тек әрекет ету стратегиясы ғана емес, сонымен бірге алдын алу қатері екенін растайды. Осы тұрғыда терроризмге қарсы сананы қалыптастыру ұлттық қауіпсіздіктің маңызды элементі болып табылады. Сыни ойлау, «жұмсақ дағдылардың» басымдығы, арнайылындырылған бағдарламаларды әзірлеу және профилактиканың жүйелілігі жастарды террористік топтарға тарту тәуекелдеілігін төмендетуде басым болып танылады.

Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту проблемасын талдау нәтижелері мынадай қарама-қайшылықтардың бар екенін анықтады:

студент жастардың террористік топтарға тартылуына қарсы іс-қимыл факторы ретінде терроризмге қарсы сананы дамыту мәселесін теориялық, әдіснамалық және эмпирикалық зерттеудің төмен деңгейі мен олардың жоғары оқу орындарының әлеуметтік-педагогикалық практикада жоғары сұраныстың болуы арасында;

терроризмге қарсы іс-қимылға қатысты эмпирикалық деректердің көптігі мен студент жастарда терроризмге қарсы сананың әлеуметтік-

педагогикалық ерекшеліктерін (когнитивті, эмоционалды және мінез-құлық компоненттерінің құрылымдық, мазмұндық және процестік сипаттамалары) зерделейтін жұмыстардың болмауы арасында;

жастарды террористік топтарға тартуға қарсы іс-қимылдың және мінез-құлықты реттеудің заманауи технологияларына әлеуметтік-педагогикалық практиканың сұранысы мен жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың кешенді әлеуметтік-педагогикалық технологияларының болмауы арасында.

Анықталған қайшылықтар мынандай сұрақтарға жауап іздеуден тұратын зерттеудің **ғылыми мәселесін** анықтауға әкелді: терроризмді алдын алу жүйесіне адам құқықтары, сыни ойлау және әлеуметтік жауапкершілік мәдениетін дамытуды қалай біріктіруге болады? Білім алушыларда адам өмірі мен адам құқықтарының құндылығын түсінуді қалыптастыру; қауіпсіз және жауапты мінез-құлық дағдыларын дамыту; жанжалдарды шешу тәсілі ретінде төзімділікке және зорлық-зомбылықтан бас тартуға тәрбиелеу үшін қандай әдістемелік құралдарды әзірлеу керек?

Диссертациялық зерттеудің мақсаты: жоғары оқу орындарының тәрбие мен білім беру процесінде студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық моделі мен бағдарламасын теориялық негіздеу және тәжірибелік-эксперимент барысында сынақтан өткізу.

Зерттеу объектісі: жоғарғы оқу орындарындағы тәрбие және білім беру процесі.

Зерттеу пәні: жоғарғы оқу орындарында студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық мазмұны, әдістері мен тетіктері.

Диссертациялық зерттеудің міндеттері:

1. студент жастарда терроризмге қарсы сананың дамуында әлеуметтік-педагогикалық зерттеулерге теориялық-әдіснамалық талдау жүргізу және зерттеудің категориялық аппаратын нақтылау;

2. студенттік ортада терроризмге қарсы сананың даму ерекшеліктерін айқындайтын жастардың әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларын саралау және оның құрылымдық-мазмұндық компоненттерін тұжырымдау;

3. студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту процесін жобалау стратегиясын әзірлеу;

4. студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық моделін құрастыру;

5. студент жастарда терроризмге қарсы сананы даму деңгейін анықтайтын диагностикалық құралдарды жинақтау, әлеуметтік-педагогикалық модель мен бағдарламаны апробациялау;

6. студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық моделі мен эксперименттік бағдарламаны жүзеге асырғанға дейінгі және одан кейінгі даму деңгейлерінің ерекшеліктеріндегі айырмашылықтар динамикасын анықтау.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы келесіде:

«Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту» ұғымына анықтама берілді. Анықтама беру барысында біз философия мен

психологиядағы теориялық тұжырымдамалар мен түсініктерге сүйендік және сананың келесі сипаттамаларын негізге алуға мүмкіндік берді: белсенділік, интенционалдылық, рефлексивтілік және өмірлік тәжірибеге сүйену. Терроризмге қарсы сананың келесі компоненттері анықталды:терроризмнің мәні мен салдарын білу, зорлық-зомбылықсыздық нормаларын игеру уәждері, құқықтық және азаматтық белсенділікке дайындық, әртүрлі әсерлерді талдау және бағалау. Сондай-ақ, біз тұлғаның дамуының негізгі теорияларын және радикалдану үлгілерін талдадық. Студенттік жас кезеңі ең осал жас, және дәл осы кезеңде өзін-өзі тануда деструктивті ауытқулар болуы мүмкін. Осыған байланысты біз терроризмге қарсы сананы дамытудың келесі әдіснамалық тәсілдерін белгіледік: аксиологиялық, жүйелік, іс-әрекеттік, ресурстық-орта және жүйелілік, диалогтық немесе серіктестік, рефлексивтілік, мақсаттылық, кешенді араласу қағидаттарын анықтадық.

Теориялық және эмпирикалық деңгейлерде студент жастарда терроризмге қарсы сананың әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық ерекшеліктері айқындалды. Студенттерде терроризмге қарсы сананы дамыту кешенді мониторингке, деструктивті әсер ету индикаторларын есепке алуға (риториканың өзгеруі, нақты аксессуарларды пайдалану, мінез-құлқындағы өзгерістер және т.б.), студенттерді деструктивтілікке тарту әдістері туралы («кішігірім жеңілдіктер» және кінә сезімін тудыру үшін «қателіктер» әдістері) оқытуға бағдарлануы тиіс. Алынған нәтиженің ерекшелігі біз терроризмге қарсы сананы дамытудың психологиялық тетігін түсіндіретін және әлеуметтік-педагогикалық жұмысты дараландыруға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштерді анықтадық: агрессивтілік, өзгелерге қатынас немесе оларды қабылдау, пайымдаулардың дербестігі, тәуекелді мінез-құлыққа бейімділік, әсерлерді іздеу және жылдам сыйақыға ұмтылу.

Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық моделі мен оны жүзеге асыруға көмектесетін эксперименттік бағдарлама әзірленді, оның негізінде тиімді әлеуметтік-психологиялық технологиялар: сендіргіш әсер ету технологиясы, топтық пікірталас, психологиялық тренинг, ойын моделдеу және кейс-технологиясы берілді. Жоғары оқу орындарында студенттерде терроризмге қарсы сананы дамыту әлеуметтік-гуманитарлық және педагогикалық пәндер әлеуетін сипаттайтын терроризмге қарсы білім матрицасын жасау, кураторларға арналған әдістемелік нұсқаулықты даярлау, «Мен, сен, біз терроризмге қарсымыз» атты студенттерге арналған курс мазмұны мен материалдарын құрастыруды қамтитын бағдарлама жүзеге асырылды.

Діни көзқарастарды зерттеу және террористік қатерлерді түсіну бойынша авторлық сауалнама әзірленді, студент жастарда терроризмге қарсы санадамуының критерийлерін өлшемдеуге арналған көпдеңгейлі диагностикалық құралдар жинақталды. Когнитивті критерийді өлшеу үшін тест пен квиз, викториналар, ал, құндылықтық-уәждемелік, сыни-талдамалық, іс-әрекеттік-мінез-құлықтық критерийлер бойынша өзгерістерді айқындауға бағытталған саулнамалар, жағдаяттық кейстер, өзіндік бағалау саулнамасы және психологиялық әдістер ұсынылды.

Қалыптастырушы эксперименттi жүргізгеннен кейін бақылау және эксперименттік топтағы студент жастарда терроризмге қарсы сананың даму деңгейлерінің көріну ерекшеліктеріндегі айырмашылықтар динамикасы айқындалды. Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытуға әзірленген әлеуметтік-педагогикалық модель мен эксперименттік бағдарламаның тиімділігі эксперименталды түрде дәлелденді.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі: студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытуға арналған аксилогиялық, жүйелік, орта, когнитивтік- іс-әрекеттік тәсілдер әлеуеті; ішкі әлемге бет бұру теориясы, студент тұлғасының жеке ресурстық құрамдас бөліктерін есепке алу; тұлғаның өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу процесін жандандыру; студент жастар арасында терроризмнің алдын алудың мазмұны мен технологияларын жобалауға кешенді және жүйелі көзқарас; сенімді әсер ету технологиясы және психотехнологиялардың жеке психикаға әсер ету ерекшеліктері туралы тұжырымдамалық ережелер және т.б.

Зерттеу көздері: терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы, жоғары білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттар; философиялық, социологиялық және психологиялық-педагогикалық әдебиет; оқу-педагогикалық құжаттама, жоғары оқу орындарының тәрбие жұмысының жоспарлары, әлеуметтік-гуманитарлық мазмұндағы пәндер бағдарламалары; университеттің электрондық кітапханасындағы ғылыми мақалалар мен жарияланымдар, Google Scholar және ғылыми-практикалық конференциялар мен форумдардың материалдары; жоғары оқу орнындағы оқытушылық қызмет.

Зерттеу әдістері: әлеуметтік-құқықтық талдау, ағымдағы НҚА және статистиканы зерделеу, зерттелетін проблема бойынша философиялық, социологиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау; жүйелі және салыстырмалы талдау; алынған деректерді жүйелеу және интерпретациялау, теориялық модельдеу. Эмпирикалық әдістер ретінде: аяқталмаған сөйлемдер әдісі, экспресс-сауалнама, фокус-топтық зерттеу, сауалнама жүргізу, педагогикалық эксперимент, деректерді статистикалық өңдеу әдістері пайдаланылды. SPSS компьютерлік бағдарламалары, сондай-ақ алынған деректерді талдау, салыстыру, жинақтау және интерпретациялау қолданылды. Студенттерде терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісінің тиімділігіне әсер ететін психологиялық ерекшеліктерді көрсететін және критерийлері бойынша талдамалық мүмкіндіктерді кеңейтетін Басқаларды қабылдау В.Фей шкаласы, өшпенділік В. Кук-Д. Медлей шкаласы, топтағы мінез-құлық тенденцияларын «Q-сұрыптау» әдісі, Цукерманның өткір сезімдерді іздеу әдісі қолданылды.

Зерттеудің эмпирикалық базасы: 1-2 курс студенттерімен фокус-топтық зерттеу нәтижелері (12 адамнан тұратын 4 топ); зерттеудің екі айқындаушы және қалыптастырушы кезеңдерінде студент жастарды сауалнамалау нәтижелері (N-808 = 277+531); аяқталмаған сөйлемдер әдісінің нәтижелері (респонденттер N-114); қалыптастырушы эксперименттің динамикасы (бақылау және эксперименттік топтардың 50 студенті).

Зерттеудің теориялық маңыздылығы «терроризмге қарсы сананы дамыту» ұғымын теориялық анықтау арқылы әлеуметтік педагогика бөлімін дамыту және тәрбие мен әлеуметтену салаларының әдіснамасын толықтыру; терроризмге қарсы сананы дамытудың факторлары мен механизмдері туралы теориялық-әдіснамалық ұғымдарды кеңейту; студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық моделін әзірлеу және өзектендіру, ақпараттандыру, оқыту, ынталандыру мен бақылау кезеңдеріндегі әдіс-тәсілдерді сипаттау арқылы жоғары оқу орындарында тәрбие мен білім беру процесін нақты-ғылыми және дидактикалық деңгейде тереңдетуден тұрады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Алынған нәтижелер әлеуметтік педагогика, жастар ортасындағы әлеуметтік жұмыс технологиялары, құқықтану және әлеуметтік психология бойынша оқу курстары шеңберінде жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына, сондай-ақ, студент-педагогтарды даярлау үшін бағдарламалық материалдарға енгізілуі мүмкін. Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында ұсынылған психодиагностикалық құралдар жастардың санасына әсер беретін төзбеушілік, тәуекелге ұмтылыс, өшпенділік, өзгелерді қабылдаудағы қиындықтарды уақтылы анықтауға және әлеуметтік-педагогикалық моделді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. «Мен, сен, біз терроризмге қарсымыз» атты курс мазмұны мен материалдары жастарды террористік топтарға тартуға қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша жастармен жұмыс істейтін педагог-психологтарды, әлеуметтік педагогтарды даярлау кезінде пайдалы болады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Диссертацияның негізгі ережелері Қазақстан, Чехия және ҚХР-дағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда ұсынылды. Диссертация тақырыбы бойынша ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда мақалалар, сондай-ақ Scopus базасында индекстелетін халықаралық журналда мақала жарияланды.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертацияның құрылымы қойылған мақсат пен негізгі міндеттерден туындайтын зерттеу логикасына сәйкес айқындалған. Диссертация кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшалардан тұрады.